

Инвестициялық тендердің нәтижелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 15 қарашадағы N 1588

Тендер комиссиясының инвестициялық банктердің ұсыныстарын алдын ала қарауының нәтижелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Инвестициялық банктермен келіссөздер жүргізу жөніндегі тендер комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Тендер комиссиясы заңдарда белгіленген тәртіппен:

"Жезқазғантүстімет", "Маңғыстаумұнайгаз", "Қазақтелеком", "Ақтөбемұнайгаз", "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакетін бастапқы орналастыруды жүргізу жөнінде ең жақсы ұсыныстар берген инвестициялық банктерге өкілеттік мандаттарын беру жөнінде келіссөздер жүргізісін; өкілеттік мандаттарында акциялар пакетінің бір бөлігін отандық

инвестициялардың арасында орналастыруды қарастырсын.

3. "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі", "Қазақстан алюминийі", "Қазхром", "Борлы", "Соколов-Сарыбай КБӨБ", "Атакент", "Оңтүстік-Топар кен басқармасы", "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі шыққанға дейін тоқтатыла тұрсын.

4.

5.

ЕСКЕРТУ. 4-5-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30.

N 1504 қаулысымен.

P991504_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 15 қарашадағы
N 1588 қаулысына
қосымша

Инвестициялық банктермен келіссөздер жүргізу
жөніндегі тендер комиссиясының құрамы

Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы
вице-министрі, комиссияның
төрағасы

Айымбетов С.Ғ. - Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру
департаментінің бөлім бастығы

Бектасов Ә.А. - Қазақстан Республикасының Бағалы
қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының төрағасы (келісім
бойынша)

Тойбазаров Б.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің басқарма бастығы

Дауылбаев А.Қ. - Қазақстан Республикасының Әділет
вице-министрі

Утепов Э.К. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Жекешелендіру
жөніндегі департаментінің директоры

Дәмитов Н.Б. - Қазақстан Республикасының Бағалы
қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясы төрағасының көмекшісі,
комиссия хатшысы (келісім бойынша)

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.03.21. N 247 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК